

"Ақтөбе аэропорты" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 429-ө

1. Ақтөбе облысы әкімінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінен келісілген "Ақтөбе аэропорты" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін жекешелендіру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіпте "Ақтөбе аэропорты" акционерлік қоғамының акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ақтөбе аэропорты" акционерлік қоғамын жекешелендіру жөнінде жабық тендер өткізуді Ақтөбе облысының жекешелендіру жөніндегі аймақтық комитетіне тапсырсын

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Ақтөбе облысының әкіміне жүктелсін.

Премьер-Министр